

Ата-ана жиналысының №2 хаттамасы

«02.11.» 2023 ж

Қатысқандар: 7 ата-ана

Қатыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлеуметтік педагог Бимендина А.К «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» клубының алғашқы сабағын өткізді. Тақырыбы: «Отбасы – бақыт мекені»
2. Мектеп психологы Берікбай Ж.Б «Отбасы мен үшін» тақырыбында тренинг және І сынып бейімделуіне көмектесейік тақырыбында сабақ өткізілді.

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог: Бимендина А.К

Интерактивті әңгіме Құрметті ата-аналар! Курстың алғашқы сабағына қош келдіңіздер. Сабақтың тақырыбы – «Ата-аналар өмірінің жобасы – бақытты адам». «Балаларды жақсы етудің ең жақсы жолы – оларды бақытты ету», – дейді ирландиялық әдебиет классигі Оскар Уайлд. Сіздер бақытты бала дегенді қалай түсінесіздер? (тыңдаушылардың жауаптары).

Ата-ана; Элмира Тулаганова – бақытты бала дегеніміз ата-ана махаббатына бөленіп өскен, Ата-әжесінің миіріміне қанып өскен бала деп ойлаймын.

Салтанат Дүйсенова – бақытты бала дегеніміз менің ойымша дені сау, толық отбасында өскен бала.

Рахмет! Сіздер көп нәрсені дұрыс сипаттадыңыздар! Баланың тұлғасына көңіл аударғандарыңыз қуантады. Жеке тұлғада адамның қалай ойлайтыны, нені мақсат ететіні, нені бағалайтыны және нені маңызды деп санайтыны көрінеді. Тұлға үнемі дамып отырады. Жеке тұлғаны тәрбиелеу сәтті болуы үшін балаға не қажет екенін, оның қажеттіліктері қандай екенін түсініп, даму үшін қолайлы жағдай жасау керек. Баланың саламаттығын не құрайды деп ойлайсыз?

Ата-ана жауабы: Рысхан Нұрғұл – баланың саламаттығы дегеніміз денінің саулығы, көңіл-күйінің жақсы болуы, айналасымен қарым-қатынасының жақсы болуы және тәбетінің жақсы болуы деп ойлаймын.

Әлеуметтік педагог: . Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, саламаттықтың маңызды шарттары: денсаулық, қауіпсіздік, жаңа нәрселерді білуге, айналасындағыларға түсінікті болуға, қарым-қатынас жасау қабілетіне деген қанағаттану екенін белгілеп қойайық. Мұны басқаша физикалық саламаттық, когнитивтік саламаттық, эмоционалдық саламаттық, әлеуметтік саламаттық деп атауға болады.

Топтық жұмыс: «Саяхат» тәсілі бойынша 4 топқа бөлінді. . Топқа ат қойыңыздар. Саламаттық түрлеріне саяхат жасаңыз. Баланың физикалық, когнитивтік, эмоционалдық, әлеуметтік саламаттығы неден көрінетінін жазыңыз. Нәтижені презентациялаңыз. 5– топқа (сарапшыларға) арналған тапсырма

Ата-Аналар; Ақжібек, Салтанат, Нұрғұл, Анар және Асем тақырып бойынша презентациялады.

Әлеуметтік педагог: Рахмет ата-аналар өте жақсы атсалысып өз ойларыңызды бөлістіңіздер, еңбектеріңізге рахмет ! Сабағымызды арықарай әріптесім мектеп психологі; Берікбай Ж.Б жалғастырады.

Мектеп психологы: Сәлеметсіздерме ата-аналар! Бүгінгі өткізетін тақырыбымыз «Отбасы мен үшін...» тренинг сабағы

1. «Танысу» жаттығуы

Максаты: топта достық атмосфераны орнатуға ықпал ету; ата-аналармен диалог құру; өз балалары туралы жағымды пікір тудыру; эмоционалдық стрессті жеңілдету.

Жаттығудың орындалу барысы. *Психолог.* Тиімді жұмыс істеу үшін әр ата-анаға өз аты-жөнін, балаларының аты-жөнін және жасын айтуды ұсынамын. *Әрбір қатысушы келесі сөйлемдердің бірін орындауы керек:*

1. Менің баламды сипаттайтын екі сөз - ...

2. Егер менің балам дыбыс болса, ол -...

3. Баламның маған ең ұнайтыны...

4. Менің балам мені күлдіреді, қашан ол - ...

Бірнеше баласы бар қатысушы олардың әрқайсысы туралы айтқан кезде бір сөйлемді қолдана алады. Сөйлемді аяқтау күлкілі болуы мүмкін. Әрбір сөйлем болымды үшін құрылады. Бұл көңілді жаттығу. Ата-ана ойына не келсе соны айтады, өйткені ешкім ештеңе жазбайды.

Ата-аналар жауабы: Ақжібек-менің қызымды сипаттайтын екі сөз ол-ақылды және ұяң. Эльмира-менің Нұрайым шалшаң және ұзапты, Асел-менің ұлым ақылды, алғыр.

Құрметті ата-аналар! «Отбасы» сөзімен қандай байланыстар бар?

Отбасы бала үшін қандай рөл мен функцияны орындайды?

Ата-Аналар жауабы: Динара- менің ойымша отбасы сөзімен байланысатын сөздер; бала, ата-ана, махаббат, мейірімділік, қамқорлық, сүйіспеншілік, бауырмалдық айта берсек көп. Отбасы-бала үшін ең үлкен рөл атқаратыны сөзсіз деп ойлаймын.

«Тірі үй» жаттығуы

Максаты:

Отбасыларыңызда махаббат, денсаулық, бақыт, өзара түсіністік! Отбасыңыз бен достарыңызды жақсы көріңіз және оларға қамқорлық жасаңыз!

Отбасылық қарым-қатынастың психологиялық кеңістігін субъективті қабылдауды диагностикалау.

Қатысушылар алдында бір парақ бар. Өміріне әсер ететін 7-8 адамның аты-жөнін бағанға жазып, оның жанынан іргетасы, қабырғасы, терезесі, шатыры, шатыры, есігі, мұржасы, табалдырығы болуы керек үйді сызып, үйдің әр бөлігіне аталған адамдарды жазып қою керек. Содан кейін нәтижелер түсіндіріледі.

Іргетас – жағымды мағына: отбасының негізгі материалдық және рухани тірегі, бәрі оған тіреледі; теріс мағынасы: әркімнен қысым көрген адам.

Қабырғалар - бұл отбасының эмоционалдық жағдайына жауапты адам және суреттің авторына да тікелей әсер етеді.

Терезелер – болашақ, үміт артқан адамдар (әдетте – балалар).

Төбе - бұл отбасында қауіпсіздік сезімін тудыратын, сурет авторын аяйтын және қорғайтын адам.

Шатыр /чердақ/ - құпия қарым-қатынасты, сондай-ақ автордың осы адаммен сенімді қарым-қатынаста болғысы келетінін білдіреді.

Мұржа - бұл сурет авторы ерекше күтім мен қолдау алатын немесе алғысы келетін адам.

Есіктер - бұл әлеммен қарым-қатынас орнатуды үйреткен ақпараттық портал, адам.

Табалдырық – сурет авторы болашақта сөйлескісі келетін адам.

Қорытындылар: Әдістеме қысқа мерзімде әрбір отбасы мүшесінен сурет авторының рөлін анықтауға мүмкіндік берді, ата-аналар өздерінің балаларының қандай рольде екендіктерін анықтады.

«Менің күн сәулем» жаттығуы

Әрбір қатысушы қағаз бетіне күннің суретін салып, ортаға баланың атын жазады. Күннің әрбір сәулесімен сіз өзіңіздің балаларыңыздың барлық тамаша қасиеттерін тізімдеуіңіз керек.

Содан кейін барлық қатысушылар «Менің күн сәулемді» көрсетіп, жазғандарын оқиды.

Психолог: Мен сізге осы Күн сәулесін үйге апаруды ұсынамын. Оның жылы сәулелері бүгінгі үйіңіздің атмосферасын жылытсын.

Балаңызға оның қасиеттерін қалай бағалайтыныңызды айтыңыз - балаңызға жылулық, сүйіспеншілік пен көңіл бөліңіз.


Педагог-психолог;

Қатысқандарыңызға рахмет!

Отбасыларыңызда махаббат, денсаулық, бақыт, өзара түсіністік! Отбасыңыз бен достарыңызды жақсы көріңіз және оларға қамқорлық жасаңыз!


Әлеуметтік педагог; *Бүгінгі сабақ ұнады деген ойдамын, қатысқандарыңызға рахмет!*

Әлеуметтік педагог :



Бимендина А.К

Педагог-психолог:



Берікбай Ж.Б